

**Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы
Интеграциялық Комитетінің болу жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы арасындағы келісімді
ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 қарашадағы N 3-IV Заңы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Алматыда 2002 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің болу жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы арасындағы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық
қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің болу жағдайлары туралы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуразиялық экономикалық
қоғамдастығы арасындағы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы,

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа ала отырып,

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастығын құру жөніндегі Шартты және 2001 жылғы 31 мамырдағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияны негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы аумағында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің қызметі үшін тиісті жағдайлар жасау мақсатында,

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің орналасқан жері Алматы қаласы болып табылатынын назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім мақсаттары үшін:

"ЕурАзЭҚ" немесе "Қоғамдастық" - Еуразиялық экономикалық қоғамдастық;

"Интеграциялық Комитет" - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық Комитеті;

"Бас хатшы" - ЕурАзЭҚ (Мемкеңесаралық) Мемлекетаралық Кеңесі тағайындайтын Қоғамдастықтың жоғары әкімшілік лауазымды тұлғасы;

"Бас хатшының орынбасары" - осы мемлекет квотаға бекітуі негізінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің ұсынуына сәйкес Интеграциялық Комитеті Бас хатшының орынбасары қызметіне бекітетін лауазымды тұлға;

"лауазымды тұлғалар" - тізбесін Мемлекетаралық Кеңес белгілейтін әрбір мүше мемлекет үшін бекітілетін лауазымдар квоталарына сәйкес ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұсынуы бойынша Интеграциялық Комитет бекітетін тұлғалар;

"қызметкерлер" - ЕурАзЭҚ органдарында, техникалық және қызмет көрсетушілерді қоспағанда, олармен жасасқан еңбек шарттары (келісім-шарттар) негізінде мамандар ретінде жұмыс істейтін адамдар;

"Құзыретті органдар" - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары;

"Интеграциялық Комитеттің үй-жайлары" - ЕурАзЭҚ-тың ресми мақсаттарына, Қоғамдастықтың Бас хатшысы мен лауазымды адамдары тұру үшін пайдаланылатын ғимараттар немесе ғимараттардың бөліктері (олардың меншікті құқы кімге жататынына карамастан), сондай-ақ осы ғимараттар немесе ғимараттардың бөліктері орналасқан жер телімдері;

"Интеграциялық Комитеттің мүлкі" - Интеграциялық Комитетке жататын немесе оның иелігіндегі және олар өздерінің ресми функцияларын орындау кезінде басқаруында болатын және басқа да активтерді қоса алғанда барлық мүліктер;

"Интеграциялық Комитеттің мұрағаты" - Интеграциялық Комитетке жататын немесе оның иелігіндегі болатын құжаттар, хат-хабарлар және басқа да құжаттар.

2-бап

Интеграциялық Комитет Қазақстан Республикасының аумағындағы коммерциялық қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ заңды тұлға болып табылады және ішінара мыналарға:

шарттар жасасуға;

жылжымалы және жылжымайтын мүліктерін сатып алуға және оларды басқаруға;

кез келген валютадағы банктік шоттарды ашуға және жүргізуге;

Қазақстан Республикасының шегінде немесе Қазақстан Республикасынан шетелдік мемлекетке және керісінше өзінің ақша қаражатын аударуға;

сотта іс қозғауға және соттық іс қарауларға қатысуға құқылы.

Осы бапта көзделген құқықтарды Интеграциялық Комитеттің атынан Бас хатшы немесе ол жоқ кезеңде осындай құқық берілген Бас хатшының орынбасары жүзеге асырады.

3-бап

Қазақстан Республикасы Интеграциялық Комитетке олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті үй-жай береді.

Интеграциялық Комитетке берілген үй-жайларды иелену мен пайдалану тәртібі және шарттары тиісті өкімет орындары мен Интеграциялық Комитет арасындағы жеке шарттармен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Интеграциялық Комитетке қызмет бабындағы пәтерлердің қажетті санын Интеграциялық Комитет Хатшылығының Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын лауазымды адамдары (квоталық қызметкерлер) үшін бөледі.

4-бап

Интеграциялық Комитеттің үй-жайларына және оның мүлкіне қол сұғылмайды.

Құзыретті органдар өкілдері Бас хатшының немесе ол болмаған жағдайда, оның орынбасарының келісімінсіз және олар мақұлдаған шарттарсыз Интеграциялық Комитеттің үй-жайларына кіре алмайды.

Құзыретті органдар шешімі бойынша Интеграциялық Комитеттің үй-жайларында кез келген іс-әрекетті орындау Бас хатшының немесе оның орынбасарының келісімімен ғана орын алуы мүмкін.

Интеграциялық Комитеттің үй-жайлары Қазақстан Республикасының заңдары бойынша қудаланатын немесе шетелдік мемлекетке берілуі тиіс адамдар үшін баспана қызметін атқара алмайды.

Интеграциялық Комитеттің үй-жайларына қол сұқпаушылық оларды ЕурАзЭҚ функцияларына немесе міндеттеріне сыйыспайтын немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне, оның азаматтары мен заңды тұлғаларының мүдделеріне нұқсан келтіретін мақсаттарға пайдалануға құқық бермейді.

5-бап

Қазақстан Республикасының кез келген басып кіруден немесе нұқсан келтіруден Интеграциялық Комитеттің үй-жайларын қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды. Интеграциялық Комитеттің үй-жайларын күзету жөніндегі шығыстар Интеграциялық Комитеттің қаражаты есебінен жүргізіледі.

6-бап

Интеграциялық Комитет өзінің функцияларын орындау үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында өз үй-жайлары шегінде қолданатын ішкі тәртіп ережелерін орнатуға құқылы.

7-бап

Интеграциялық Комитет өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік билігінің құзыретті органдарымен алдын ала келіспей-ақ өздері орналасқан орны бойынша кеңестер немесе басқа да іс-шаралар өткізуге құқылы.

8-бап

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Интеграциялық Комитеттің мүлкі тінтуден, реквизициялаудан, экспроприациялаудан, тәркілеуден немесе соттық араласудың өзге де нысандарынан иммунитетті пайдаланады, оған мынадай жағдайлар:

а) Интеграциялық Комитетке, оның лауазымды адамына немесе қызметкеріне тиесілі немесе Интеграциялық Комитеттің атынан пайдаланылатын көлік құралы арқылы болған оқиғаға байланысты зиянды өтеу туралы, егер бұл зиян сақтандыру төлемі есебінен өтелмесе Интеграциялық Комитетке, оның лауазымды адамына немесе қызметкеріне қойылатын азаматтық талаптар;

ә) Интеграциялық Комитеттің, оның лауазымды адамының немесе қызметкерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі арқылы азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы Интеграциялық Комитетке, оның лауазымды адамына немесе қызметкеріне қойылатын азаматтық талап қосылмайды.

9-бап

Интеграциялық Комитет қызмет көрсетудің (қызметтердің) нақты түрлері үшін төлем болып табылатындарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында алынатын тікелей салықтар мен алымдардан, баждардан және басқа да төлемдерден босатылады.

Интеграциялық Комитеттің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүлік Қазақстан Республикасында кедендік баждар, салықтар және осыған байланысты алымдар салудан босатылады, бұған осыған арналған белгілі орындардан тыс сақтау, кедендік ресімдеу немесе тиісті кедендік органның халықаралық ұйымдар үшін көзделген тәртіппен қызмет көрсетудің осындай түрінің жұмыстан тыс уақыты үшін алынатын алымдар қосылмайды.

10-бап

Интеграциялық Комитеттің мұрағаттары қол сұғылмайды. Интеграциялық Комитеттің хабарлары мен қатынас қағаздары цензуралауға жатпайды. Бұл иммунитет Интеграциялық Комитет пен оның лауазымды адамдары алған немесе жөнелткен баспа, фотосурет, аудиокөрілім өнімдеріне және берілу тәсіліне қарамастан, басқа да ақпарат нысандарына қолданылады.

11-бап

Интеграциялық Комитет өз ғимараттарына жалау, эмблема немесе ЕурАзЭҚ-тың басқа рәміздерін орналастырады, сондай-ақ Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің туларын іле алады.

12-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер арқылы шешетін болады.

13-бап

Интеграциялық Комитет Қазақстан Республикасының аумағында қызметін тоқтатқан жағдайда, Қазақстан Республикасында қатысушысы Интеграциялық Комитет болып табылатын барлық мүлiктік және мүлiктік емес қатынастарды реттегеннен соң осы Келісім күшін жояды.

14-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Қазақстан Республикасының орындағаны туралы жазбаша хабарлама, депозитарий болып табылатын Интеграциялық Комитетке тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

2002 жылғы 25 қаңтарда Алматы қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Еуразиялық экономикалық

Үкіметі үшін

қоғамдастығы үшін

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

№ 12-1-2/1136

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Еуразиялық экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетіне өзінің ілтипәтін білдіреді және төмендегілерді хабарлауды өзіне мәртебе санайды.

Мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу барысында Алматыда, 2002 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған, Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық комитетінің болу жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық арасындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) қазақ тіліндегі мәтінінде техникалық сипаттағы бірқатар қателіктер анықталды.

Осыған байланысты қазақстандық тарап Келісімнің мәтініне техникалық сипаттағы төмендегідей түзетулерді енгізуді ұсынуды өзіне мәртебе санайды:

Келісімнің кіріспесінде:

екінші абзацтағы "жалпы жұрт таныған" деген сөздер "жалпыға бірдей танылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "Шартты" деген сөз кіші әріппен жазылсын және осы сөздің алдына "2000 жылғы 10 қазандағы" деген сөздер жазылсын және "2001 жылғы 31 мамырдағы" деген сөздер "конвенцияны" деген сөздің алдына жазылсын;

төртінші абзацтағы "Республика" деген сөз "Республикасының" болып жазылсын, осы абзацтағы "Комитетінің" деген сөз "Комитеттің" болып түзетілсін;

бесінші абзац сөйлемінің соңындағы тыныс белгісі нүкте - үтірмен ауыстырылсын.

Келісімнің 1-бабында:

төртінші абзацтағы (Мемкеңесаралық) деген сөз (Мемаралықкеңес) деп түзетілсін және осы жақша ішіндегі сөз "Мемлекетаралық Кеңесі" деген сөздерден кейін жазылсын;

бесінші абзацтағы "мемлекет квотаға бекітуі" деген сөздер "мемлекеттің квотасына бекітілуі" деп түзетілсін, "ЕурАзЭҚ-қа мүше" деген сөздерден кейін түсіп қалған "тиісті" деген сөз жазылсын, "ұсынуына сәйкес" деген сөздер "ұсынысы бойынша" деп жазылсын және "Комитеті" деген сөздер "ұсыныс бойынша" деп жазылсын және "Комитеті" деген сөз "Комитет" болып түзетілсін;

жетінші абзацтағы "ЕурАзЭҚ органдарында, техникалық және қызмет көрсетушілерді" деген сөздер "техникалық және қызмет көрсетуші персоналға жататын адамдарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "Құзыретті" деген сөз "құзыретті" деп түзетілсін;

тоғызыншы абзацта екі жерде кездесетін "ғимараттардың бөліктері" деген сөздер "ғимараттардың бір бөлігі" деген сөздермен ауыстырылсын, осы абзацтағы (олардың меншікті құқы кімге жататынына қарамастан)" деген сөздер "(оларға арналған меншік құқығы кімге тиесілілігіне қарамастан)" деген сөздермен ауыстырылсын және "телімдері" деген сөз "учаскелері" деген сөзбен ауыстырылсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Интеграциялық Комитеттің мүлкі" - Интеграциялық Комитетке тиесілі немесе ол өзінің ресми функцияларын орындау кезінде оның иелігінде және басқаруында болатын қорлар мен өзге де активтерді қоса алғанда, барлық мүліктер;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Интеграциялық Комитеттің мұрағаттары" - Интеграциялық Комитетке тиесілі немесе оның иелігінде болатын құжаттар, хат-хабарлар және басқа да материалдар.

Келісімнің 2-бабында:

бірінші абзацтағы "аумағындағы" деген сөз "аумағында" деп түзетілсін;

үшінші абзацтағы "мүліктерін" деген сөз "мүліктерді" деп түзетілсін;

төртінші абзацтағы "валютадағы" деген сөз "валютада" деп түзетілсін;

алтыншы абзацтағы "іс қарауларға" деген сөздер "талқылауларға" деген сөзбен ауыстырылсын.

Келісімнің 3-бабында:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Интеграциялық Комитетке берілген үй-жайларды иеленудің және пайдаланудың тәртібі мен шарттары тиісті өкімет орындары мен Интеграциялық Комитет арасындағы жекелеген шарттармен белгіленеді.

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын Интеграциялық Комитет Хатшылығының лауазымды адамдары (квоталық қызметкерлері) үшін Интеграциялық Комитетке қызмет бабындағы пәтерлердің қажетті санын бөледі.

Келісімнің 4-бабында:

екінші абзацтағы "Интеграциялық" деген сөз "Интеграциялық" болып түзетілсін; үшінші абзацта "органдар" деген сөз "органдардың" деген сөзбен ауыстырылсын; төртінші абзацта "шетелдік" деген сөз "шет" деген сөзбен ауыстырылсын.

5-баптағы "Республикасының" деген сөз "Республикасы" деген сөзбен ауыстырылсын.

6-баптағы "қолданатын" деген сөз "қолданылатын" деген сөзбен ауыстырылсын.

7-баптағы "өз" деген сөз "өзінің" деп түзетілсін және "немесе басқа да" деген сөздер "және өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын.

8-баптың бірінші абзацындағы "араласудың" деген сөз "араласудың" деп түзетілсін; осы баптың ә) абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

ә) Интеграциялық Комитет, оның лауазымды адамы немесе қызметкері тарапының әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы Интеграциялық Комитетке, оның лауазымды адамына немесе қызметкеріне қойылатын азаматтық талаптар қосылмайды.

9-баптың бірінші абзацында "алынатын" деген сөздің алдына "өндіріліп" деген сөз қосылсын;

осы баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

Интеграциялық Комитеттің ресми пайдалануына арналған заттар мен өзге де мүлік Қазақстан Республикасында кедендік баждардан, салықтардан және осыған байланысты алымдардан босатылады, бұған осыған белгіленген орындардан тыс жерлерде сақтау, кедендік ресімдеу немесе тиісті кедендік органның жұмыстан тыс уақыты және халықаралық ұйымдар үшін көзделген тәртіппен қызмет көрсетудің осындай түрі үшін алынатын алымдар қосылмайды.

10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

Интеграциялық Комитеттің мұрағаттарына қол сұғылмайды. Интеграциялық Комитеттің қатынас қағаздары мен хат-хабарлары цензуралауға жатпайды. Осы иммунитет оны берудің тәсіліне қарамастан Интеграциялық Комитет пен оның лауазымды адамдары алатын немесе жөнелтетін баспалық, фотосуреттік, аудиокөрілімдік және өзге де ақпараттық нысандарға қолданылады.

11 -бап мынадай редакцияда жазылсын:

Интеграциялық Комитет өзінің ғимараттарына ЕурАзЭҚ-тың туын, эмблемасын немесе басқа да рәміздерін орналастыра алады, сондай-ақ Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің туларын іле алады.

12-баптың екінші абзацындағы "мен" деген сөз "және" деген сөзбен ауыстырылсын.

14-баптағы бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Қазақстан Республикасының орындағаны туралы хабарлама - депозитарийі болып табылатын Интеграциялық Комитетке тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Қорытынды ережедегі "жылғы" деген сөз "жылы" деп түзетілсін.

Баяндалғандарға байланысты Министрлік Халықаралық шарттардың құқығы туралы 1969 жылғы Вена конвенциясының 79-бабының 1 "b" тармағына сәйкес жоғарыда баяндалған өзгерістерді енгізу мүмкіндігін қарауды сұрайды.

Осы ұсыныспен келіскен жағдайда Министрлік осы нотаны және Интеграциялық комитеттің жауап нотасын аталған Келісімнің ажырамас бөліктері деп санауды ұсынады.

Министрлік Интеграциялық комитеттің жауабы таяу уақытта берілсе ризашылығын білдірген болар еді, өйткені аталған Келісімді қазақстандық тараптың ратификациялау рәсімін өткізу мерзімі - осы мәселені жеделдетіп шешуге байланысты.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетіне терең құрмет сезімін білдірген сендірулерін тағы да растайды.

Астана қаласы, 2007 жылғы 16 мамыр

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТІ

Мәскеу қаласы

Осымен 2002 жылғы 25 қаңтарда Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының аумағында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Интеграциялық Комитетінің болу жағдайлары туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуразиялық, экономикалық қоғамдастығы арасындағы келісімнің куәландырылған көшірменің куәландырылған көшірмесі дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігінің

Халықаралық құқық департаменті

Халықаралық шарттар басқармасының

Бастығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК